

Клапандардың толық орнықтауының салдарынан сығылу ырғағының кезінде жұмыстық қоспа шығару құбырына еніп кетуі мүмкін, ал ұлғаю ырғағы кезінде жоғарғы температурадағы газдардың жіберу құбырларына еніп кетеді, соның әсерінен бұл құбырларда тарсыл пайда болады немесе алдын – ала тұтану болады, бұл клапандардың толық жабылмай тұрғандығын білдіреді.

Клапандардың қалпақшаларының ершікке толық жабылуы үшін күйенте ұшы 17 мен клапан стерженінің 2 арасында (таратқыш біліктің төмен орналасу қозғалтқыштарында ЗиЛ, КамАЗ, ЗМЗ) немесе клапан жетегінің рычагі 3 мен таратқыш біліктің жұдырықшасының арасында (таратқыш білік жоғары орналасқан қозғалтқыштарда ВАЗ-2105, - 2107) жылу саңылаулары реттеледі.

ВАЗ (артқы жетекті) автомобильдердің қозғалтқыштарында жылу саңылауларының өлшемі 0,15 мм жіберу мен шығару клапандарына бірдей болады. Оларды қозғалтқыштың салқын кезінде реттегенде контрсомынды 6 босатып, реттеуіш бұранданы 5 бұрайды, көрсетілген өлшемді рычаг 3 пен жұдырықша 4 арасына өлшеп реттейді.

Алдыңғыжетекті ВАЗ – 2108 «Спутник», ВАЗ – 2109 автомобиль қозғалтқыштарында таратқыш біліктің жұдырықшасы мен реттеуіш шайбалардың арасында $0,2 \pm 0,05$ мм өлшемі жіберу клапандары үшін, $0,35 \pm 0,05$ мм өлшемі шығару клапандары үшін жылу саңылауы h реттеледі. Реттеуіш шайбалардың жиынтығы 3 мм – ден 4,25 мм – ге дейін қалыңдығы 0,05 мм аралығында болады. Шайбалардың қалыңдығы оның беткі жағына белгіленеді.

«Москвич» (артқы жетекті) автомобильдерінің таратқыш білігі жоғары орналасқан қозғалтқыштарында жылу саңылауы реттеуіш болттың 5 ұштығы 8 мен клапан стерженінің арасында реттеледі. Қыздырылмаған ЗиЛ, ЯМЗ – 238, ЗМЗ – 33–11 қозғалтқыштарында жіберу мен шығару клапандарына 0,25 – 0,30 мм болады, дизельді КамАЗ қозғалтқышында жіберу клапанына 0,25 – 0,30 мм, ал шығару клапандарына 0,35 – 0,40 мм аралығында болады. Бұл қозғалтқыштардың клапандарының жылу саңылауларын реттеу үшін күйентенің 1 иығына бұралған контрсомынды 2 реттеуіш винт 3 қолданылады.